«6D050300-Психология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Дуанаева Сандугаш Ерубаевнаның «Шетелде оқитын студенттердің стресс пен резильенттілігінің этнопсихологиялық аспектілері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына

РЕСМИ РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША СЫН-ПІКІРІ

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы) 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)	Диссертация тақырыбы ғылымның даму бағыттарына және мемлекеттік бағдарламаларға толық сәйкес келеді. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев айтқандай, «Қазақстан – жастардың мемлекеті. ... Қазіргі қазақстандық жастар – таңдану мен құрметтеуге лайықты отандастарымыздың жаңа келбетін қалыптастырушылар» деген осы пікір жастарға бәсекеге қабілетті болуға, сәттілікке ұмтылуға жақсы бағдар бере алады. Сондықтан, жастардың өзін-өзі жақсы танытуына, сәтті болуына жағдай жасау өзекті мәселе. Зерттеу жұмысы Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 15 ақпандағы № 636 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі «Жаңа адами капитал» бойынша Стратегиялық даму жоспары; сияқты ғылым дамуының басым бағыттарына сәйкес келеді. Зерттеудің өзектілігі, болжамдары, теориялық және практикалық маңыздылығы толыққанды көрсетілген.
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Диссертациялық зерттеуден алынған нәтижелер Қазақстандық психология ғылымына қосар үлесі және маңыздылығы өте жоғары. Сандугаш Ерубаевна Дуанаеваның зерттеу жұмысында әдіснамалық-теориялық негіз - дерін талдау толық қамтылған; зерттеуге негіз болған басты категориялар – стресс пен резильенттіліктің этнопсихологиялық аспектілерін эмпирикалық зерттеу арқылы шетелде оқитын студенттердің стресс пен

			резильенттілігінің ерекшеліктерін зерттеу мақсатына сәйкес орындалған.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Диссертациялық зерттеу барысында алынған теориялық, эмпирикалық ғылыми нәтижелерді: 1) 2019 жылдан бастап халықаралық деңгейдегі конференция материалдарының жинақтарына; ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету Комитеті ұсынатын басылымдарда; Scopus (Скопус) және Thomson Reuters деректер базасына кіретін журналдарда жарияланған 17 ғылыми, әдістемелік еңбектерінің жарияланып, оларда диссертация мазмұнын, басты идеяларын ашып көрсетуі; 2) диссертация мазмұнында, идеясында авторы мен дереккөзін көрсетпей бөтен материалдарды пайдаланудың анықталмауы Сандугаш Ерубаевна Дуанаеваның диссертацияны өзі жазу деңгейінің жоғары екенін дәлелдейді.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертациялық зерттеудің өзектілігінің дәлелі нақты негізделген. Зерттелетін мәселе бойынша ғылыми басылымдарды талдау және жүйелеу ғалымдардың жеке тұлға мобильділігінің түрлі қырларын қарастыратыны туралы тұжырым жасауға мүмкіндік береді, оған қоса студенттердің академиялық мобильділігінің қалыптасуы және басқа елдегі шетелдік студенттердің табысты оқуы посткеңестік кеңістіктің көптеген елдері үшін аз зерттелген мәселе болғандықтан, осы мәселені зерттеген бұл зерттеудің өзектілігін бекітеді. Қазақстан ЖОО-да бұл мәселе бойынша практикалық іс-әрекеттер тәжірибесін сипаттайтын айтарлықтай эмпирикалық материал жинақталған, бірақ зерттелетін мәселе бойынша, ең алдымен, шет елдердегі студенттердің және Қазақстандағы шетелдік студенттердің психикалық денсаулығы мен оқу табыстылығын сақтаудың міндетті әлеуметтік-психологиялық алғышарттарды зерделеуге қатысты іргелі зерттеулер жоқтың қасы. Осылайша, түрлі этностық топтарға жататын шетелдік студенттердің психикалық денсаулығы мен білім алудағы табыстылығын сақтаудың психологиялық алғышарттарын зерттеу –қазақстандық психология мектебіне қосар үлесі мол

			болғандықтан, бұл зерттеу аса өзекті болып табылады. Зерттеу мақсаты мен міндеттеріне орай шетелде оқитын студенттердегі стресс, резильенттілік, психикалық денсаулық мәселелерін кешенді зерттеу әдіснамалық, теориялық және эмпирикалық зерттеу нәтижелері ғылыми құндылыққа ие, әрі олар зерттеу мәселесі ретінде негізделген және практикалық ұсыныстары зерттеудің өзектілігін негіздейді.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) айқындайды; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды	Диссертация мазмұны аталмыш зерттеу тақырыбын толық айқындайды. Диссертация кіріспеден, 3 тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған ғылыми әдебиеттер тізімі мен қосымшалардан тұрады. Осыған орай диссертация тақырыбына сәйкес зерттеу жүргізу мүмкіндігі жоғары болған. Сондықтан диссертация мазмұны диссертация тақырыбын үйлесіммен, толымды айқындайды.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді	Зерттеу жұмысының қойылған мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді, бұл зерттеу барысында алынған нәтижелердің негізділігі мен сенімділігін растайды. Мұнда шетелде оқитын студенттердің стресс пен резильенттілігінің этнопсихологиялық ерекшеліктерін зерттеп, анықтау басты мақсат болған. Бұл мақсатқа жету үшін Сандугаш Ерубаевна Дуанаева әдіснамалық және эмпирикалық бағыттарды өзара ажыратып, соның негізінде реттелген, бірізді 5 міндет қойған. Диссертациялық зерттеудегі автор қойған зерттеу мақсаты мен міндеттері өзара байланысты және олар жұмыс тақырыбына келісіммен сәйкес келеді.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ	Диссертация тақырыбы, әдіснамалық аппараттары, бөлімдер мен тармақтардың арасындағы байланыс пен сәйкестіктерден жұмыс мазмұнының қатаң реттелгендігі нақты көрінеді. Өзара байланысқан, ішкі бірлікке ие, дәйекті зерттеу көздерін қолдану, өзі қол жеткізген ғылыми нәтижелерін толымды талдау диссертацияның мазмұнындағы қисындылықты қамтамасыз етеді. Сондықтан Сандугаш Ерубаевна Дуанаеваның диссертациялық зерттеуі ғылыми жұмыстың талаптарына сәйкес, біртұтас жүйені құрайды. Олай болса,

			диссертациялық зерттеудің барлық бөлімдері, тармақтары жалпы құрылымы толымды логикалық байланысқан.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген	Диссертант шетелде оқитын студенттердің стресс, резильенттілік және копинг-мінез-құлықтағы этнопсихологиялық айырмашылықтары мен басым тенденцияларын анықтау үшін жүргізілген эмпирикалық зерттеулер арқылы қағидаттар тұжырымдаған және әдістерді молынан қолданған. Осыған байланысты диссертацияда: -шетелде білім алып жатқан қазақ студенттеріне, ең алдымен, шетелде жоғары білім алуға өзінің қалауы, оқуға деген ішкі мотивациясы басым болады, бұл шетелдік студенттерге қатысты басқа зерттеулер нәтижесінен көретініміздей, білім алу үрдісінің өзіне де, білім алу елінде студенттің бейімделуіне де оң ықпалын тигізеді; -шетелде білім алудың басында қазақ студенттері өздерінің және басқа студенттердің басынан өткен ең үлкен қиындықтары қатарында мыналарды атап көрсеткен: «тілдік мәселелер», «эмоциялық-жекетұлғалық мәселелер» және «білім алудағы мәселелер» сондай-ақ тұрмыстық мәселелер студенттердің жауаптарында тіл білудің, стреске төзімділік пен резильенттілік және жалпы студенттерге деген жаңа талаптар қойылатын білім алудың жаңа жүйесіне бейімделу сияқты эмоциялық-жеке тұлғалық құзыреттердің маңыздылығы байқалады; -шетелде оқуға көмектесетін қазақ халқының басқа жеке қасиеттері туралы айтсақ, студенттер «мақсаттылықты» атап, бұл қасиетті, ең алдымен, тәрбиелілік пен байыптылық сияқты қасиеттермен толықтырады, жауаптарды талдауда бұл қасиеттер тілтабысушылық, қонақжайлық және отансүйгіштік сияқты санаттармен байланысты болғаны анықталған; -шетелде білім алуға көмектесетін қазақ халқына тән әдеттегі эмоцияларға студенттер «сабырлықты», одан соң «өмірге құштарлықты» (мысалы, «өмірді сүю», «өмірге тамсану») жатқызады. «Шыдамдылық», «оптимизм» және «жауапкершілік» жауап-санаттары ең көп таңдалған міне осы қорытындылар стресс

			пн резильенттіліктің этнопсихологиялық аспектілерін нақтылаған -шетелде білім алуға көмектесетін басқалар үшін қазақ халқы ділінің маңызды қасиеттеріне, қазақ студенттерінің пікірінше, ең алдымен, «қонажайлық», одан соң «тәрбиелілік» жатады. Қонақжайлық деп студенттер жиі ізгі ниеттілік пен елгезектікті, қонаққа, жалпы, басқа адамға деген құрметті түсінетінін көрсеткен Сондықтан Сандуғаш Ерубаевна Дуанаеваның диссертациялық зерттеуіндегі жаңалықтар, қағидаттар, әдістер негізделіп сыни талдау арқылы бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып мазмұндалған.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертанттың зерттеу ұстанымындағы жаңашылдық: 1.Шетелде білім алатын қазақстандық студенттер алғаш рет стресс, резильенттілік және копинг-мінез-құлық тұрғысынан жан-жақты зерттелді, бұл алдағы уақытта этностық аспектті ескере отырып, оларды даярлаудың, оқытудың және білім беретін қабылдаушы елде бейімделуінің тиімді бағдарламасын әзірлеу мүмкіндігі. 2.Қазақстанда алғаш рет диссертациялық зерттеу аясында шетелде табысты білім алудың ең маңызды көрсеткіштерінің бірі ретінде резильенттілік (ағылшын. resilience) қарастырылып, резильенттілік, өміршеңдік және стреске төзімділік ұғымдары ажыратылды. 1. Алғаш рет ҚР білім алатын Қытай және Үндістаннан келген студенттермен салыстыра отырып қазақ студенттерінің стресс, резильенттілік және копинг-мінез-құлқының ерекшеліктері анықталды. 2. Стресс, резильенттілік және копинг-мінез-құлық деңгейін ескере отырып, қазақстандық студенттердің шетелде білім алу табыстылығының факторлық құрылымы анықталды, 3.Орыс тіліне Wagnild Gail M. және Young Heather резильенттілік шкаласы аударылып, бейімделді (The Resilience Scale: RS-25) , бұл бір жағынан, Қазақстанда алғаш рет студенттер резильенттілігін мақсатты түрде зерттеуге, екінші жағынан, біздің зерттеуіміздің нәтижелерін шетелдік студенттерді резильенттілік көрсеткіші бойынша басқа зерттеулермен салыстыруға

			мүмкіндік береді.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Осы кезге дейін психология ғылымдарында шетелде білім алатын студенттердің стресі, резильенттілігі және копинг-мінез-құлқына қатысты этнопсихологиялық апсектілері жайлы болжамдап, оны эмпирикалық жолмен тексеріп, дәлелдеу бойынша ғылыми-таным, білім салаларында зерттеушілік қорытынды жасалмаған, осы тұрғыдан бұл зерттеу жұмысы толығымен жаңа болып табылады. Жалпы, алынған нәтижелер шетелде оқуды жоспарлайтын қазақстандық студенттерді, сондай-ақ, ҚР-да оқуды жоспарлайтын қазақстандық студенттерді даярлау бойынша ұсыныстарды әзірлеуде ескерілуі қажет. Осыған байланысты Сандугаш Ерубаевна Дуанаеваның диссертациялық зерттеуіндегі жасалған қорытындылар толығымен жаңа болып табылады.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	«Шетелде оқитын студенттердің стресс пен резильенттілігінің этнопсихологиялық аспектілері» атты диссератциялық жұмыста қойылған мақсат-міндеттер тікелей және астарлы сипатта жаңаша шешіммен байланыстырып жүзеге асырылған. Заманауи психологиялық зерттеулер техникалық, технологиялық, экономикалық және басқару шешімдерін енгізуді қажет етеді. Осыған байланысты диссертациялық жұмыста шетелдегі студенттердің стресс пен резильенттілігінің этнопсихологиялық ерекшеліктерін зерттеу алға қойылған. Сондықтан диссертант жұмыстың тақырып өрісінде теориялық зерделеу арқылы жан - жақты талдаулар жасауы, экспериментті өткізуі және алынған нәтижелерді мазмұнды талдауы мен ұсынатын ұсыныстары толығымен жаңа мәліметтер болып табылады. Зерттеу жұмысы толығымен жаңа техникалық, технологиялық, экономикалық және басқару шешімдерін ықпалдастыра алған және диссертация мазмұнында ол толық негізделген.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделге н/негізделмеген	Диссертация мазмұнындағы әрбір бөлім, әрбір тармақтар бойынша және жалпы қорытындылар зерттеу пәні мен нысаны, мақсат-міндеттеріне, қойылған жалпы және дербес болжамдарға, зерттеу әдістері мен әдістемелеріне қатысты тұжырымдалған. Әрі диссертация мазмұны теориялық және

		(qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	эмпирикалық зерттеу бойынша келтірілген. Мұнда теориялық зерттеуде ауқымды ғылыми қор талданады. Эксперименттік зерттеу нәтижелеріне сапалы талдау жасалып, алынған мәліметтердің статистикалық дәлдігі мен статистикалық мәнділігі математикалық-статистикалық өңделіп нақты дәлелдермен негізделген.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет: 7.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) жоқ 7.3 Жаңа ма? 1) ия; 2) жоқ 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия; 2) жоқ	7.1 Сандуғаш Ерубавна қорғауға бірқатар негіз қалаушы қағидаттарды тұжырымдап ұсынған. Жұмыстың тақырыбына байланысты диссертация мазмұнындағы бөлімдер мен тармақтарда арнайы қарастырылып, талданады. Ауқымды ғылыми ақпарат, эксперименттік мәліметтер арқылы әр қағидат негізделіп, тұжырымдалған. Осылайша қорғауға ұсынылатын қағидаттар дәйекті түрде дәлелденген. 7.2 Қорғауға ұсынылған әр қағидатқа өзіндік түпнұсқалық, бірегей жаңашылдық тән. Сондықтан қорғауға ұсынылатын қағидаттар тривиалды бола алмайды. 7.3 Осы кезге дейін психология ғылымдарында шетелде оқитын студенттердің стресс пен резильенттілігінің этнопсихологиялық аспектілерін зерттеп, оны эмпирикалық жолмен тексеріп, дәлелдеу бойынша ғылыми нәтижелер алынып, қағидаттар тұжырымдалмаған. Сондықтан қорғауға ұсынылған қағидаттар жаңа болып саналады. 7.4 Тұжырымдалған қағидаттарда стресс, резильенттілік және копинг-мінезі-құлықты ескере отырып, қазақстандық студенттердің шетелде табысты білім алуының факторлық кросс-мәдени (этностық) аспектісі анықталды, бұл шетелде оқудың табыстылығына, әрі, жалпы, түгелдей психологиялық бейімделу процесіне айтарлықтай ықпал етеді. Сондықтан диссертациялық зерттеу бойынша негізделген қағидаттарды кеңінен қолдануға болады. 7.5 Диссертациялық жұмыстың барлық қорытындылары ғылыми тұрғыдан алғанда ауқымды дәлелдемелерде негізделіп, диссертант негізгі нәтижелерін 17 мақалада жариялаған. Мақалаларда диссертант зерттеу нәтижелерін баяндап, қағидаттар дәлелденген. Диссертант тұжырымдаған барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан

			ауқымды дәлелдемелер арқылы негізделген.
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) ия; 2) жоқ	Әдістеменің таңдауы негізделген және әдіснама нақты жазылған. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі сақталған. Әдістемені таңдау негізделген, әдістеме жеткілікті егжей-тегжейлі сипатталған. Зерттеу жұмысының мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес зерттеудің теориялық және эксперименттік әдістері, сондай-ақ эксперименттік мәліметтерді статистикалық өңдеу әдістері оңтайлы үйлесімін тапқан.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жоқ	Диссертация жұмысында компьютерлік технологияларды қолдану арқылы алынған: 1) ғылыми-теориялық нәтижелер кестелер, ажыратып көрсету бойынша түрлендіріліп, бейнеленген; 2) ғылыми эмпирикалық нәтижелер – «Резильенттілік шкаласы» (The Resilience Scale: RS-25, Wagnild Gail M. & Young Heather M., орыс тіліне аударған А.И. Гарбер); «Созылмалы стресті анықтаудың лейпцигтік экспресс-тесті» (The Leipzig Screening – Questionnaire on Chronic Stress: LKCS, Reschke Konrad & Schröder Harry, СЛЭТ әдісін орыс тіліне аударып, стандарттаған А.И.Гарбер және Л.Ш. Карапетян); «Копинг-мінез-құлық тәсілдері» сауалнамасы (Р. Лазарус пен С. Фолкман әзірлеген, орыс тіліне бейімдеген Т.Л. Крюкова, Е.В. Куфтяк, М.С. Замышляева); диссертациялық зерттеу аясында әзірленген, әрі қарай ішінара-стандартталған «Қазақ халқының өкілі ретінде мықты жағыңыз неде?» деген сұхбат жүргізуді қамтитын «Менің ресурстарым – мықты жақтарым» онлайн-сауалнамасы жүргізу бойынша алынған деректер, математикалық-статистикалық әдістермен өңделіп нәтижелердің статистикалық дәлдігі қамтамасыз етілген.
		8.2 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық	Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік бағдарламаларды қолдану арқылы ғылыми зерттеудің жаңа заманауи бағыттағы деректерді өңдеу әдістері мен интерпретациялаудың тәсілдерін пайдаланған. Зерттеу барысында бақылау, тест, сауалнамалар, анкеталар қолданылып пайдаланған.

		ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) жоқ	
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған	Диссертант өз зерттеуі бойынша қорытқан маңызды тұжырымдары, ғылыми нәтижелері, маңызды қағидаттық мәлімдемелері отандық және шетелдік, классикалық және заманауи ғылыми-психологиялық әдебиеттерге жасалған сілтемелермен расталған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі 185 дереккөзді құрайды. Бұл зерттеу тақырыбына сәйкес тың, жаңа ғылыми нәтижелер алуға және ғылыми қағидаттарды тұжырымдап, негіздеуге жеткілікті.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) ия; 2) жоқ	Диссертациялық жұмыста алынған ғылыми нәтижелер, тұжырымдалған қағидаттар мен қорытындылар: 1) зерттеуді жүргізу барысында стресс пен резильенттілік жайлы заманауи жаңа теориялық зерттеулер арқылы шет елде оқитын студенттерді психологиялық қолдау үшін ресурсты-бағдарланушы модель жасалды 2) зерттеу барысында жүргізілген теориялық талдаулар, әрі ҚР-да, әрі шетелде білім алып жатқан қазақстандық студенттердің резильенттілігі мен стреске төзімділігін дамыту мәселесі қазіргі кезде, пандемия кезеңінде ерекше өзекті екенін, бірақ жеткілікті қаралып, сараланбағанын көрсететіні жайлы мәліметтр жұмыстың теориялық маңыздылығын бекітеді 3) Зерттеуде карастырылған мәселелердің бірі – шетелде білім алып жатқан қазақстандық студенттердің резильенттілігі мен стресі, шетелде өмір сүрудің әлеуметтік тәжірибесінің олардың бойындағы резильенттілік пен стреске төзімділіктің дамуына ықпалы (ассимиляция мен аккультурация процестерінің рөлі) туралы теориялық талдаулар жұмыстың теориялық

			негізделуінің жоғарғы деңгейін көрсетеді. Жалпы алғанда, зерттеу барысында алынған нәтижелер Қазақстандағы студенттердің әрі кіріс, әрі шығыс академиялық мобильділігінің әрі қарай дамуына оң ықпал етеді, ал бұл олардың кейінгі табысты жұмысқа орналасуына және жетістікке толы мансап құруына, әрі Қазақстан Республикасы жоғары оқу мекемелерінің бәсекеге қабілеттілігінің артуына жол ашады. Бұл диссертацияның теориялық маңыздылығын айқындайды.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жоқ	Диссертацияның практикалық маңыздылығы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1. Шетелдік студенттердің резильенттілігі мен стресінің зерттелетін этнопсихологиялық аспектілерінің заңдылықтары мен ерекшелігі туралы зерттеудің апробацияланған нәтижелері әрі Қазақстан Республикасы, әрі шет елдерде студенттердің ұлтаралық қатынастары саласында әлеуметтік саясатты жүргізуде ескерілуі, шетелдік студенттерді сырт елде оқытуға даярлау тұжырымдамасын түзетуде қолданылады. 2. Теориялық және эмпирикалық бөлімдердегі диссертациялық зерттеу материалдары оқу-білім беру процесінде, оқу құралдарының, арнайы курстардың, әдістемелік әзірлемелердің мазмұнында, шетелде оқитын немесе оқығысы келетін қазақстандық студенттердің психологиялық ерекшеліктерін ескеру үшін білім салаларында ғылыми-әдістемелік-практикалық негіз ретінде қолданылады. 3. Шетелдік студенттердің резильенттілігі, стресі және копинг-мінез-құлқы диагностика -сының ұсынылатын бейімделген және практикалық апробацияланған инструмен -тарийі әрі шетелде білім алуға даярлық деңгейінде, әрі шетелде білім алу кезеңінің түгелдей барысында мониторинг ретінде қолданылады. Сондықтан диссертацияның практикалық маңыздылығы айқын және алынған ғылыми нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады?	Диссертациялық жұмысытың практикалық ұсыныстары толығымен жаңа болып табылады.

		1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Жұмыс диссертацияға қойылатын талаптарға сәйкес орындалған. Диссертациялық жұмысты жазу және рәсімдеу сапасы жоғары.
11.	Диссертацияға ескертулер		Сандуғаш Ерубаевна Дуанаеваның жұмысы талапқа сәйкес орындалған, толыққанды диссертациялық зерттеу ретінде оң бағаланады. Дегенмен, диссертациялық жұмысқа қатысты бірқатар ескертулер бар: 1. Диссертацияның теориялық бөлімінде аккультурациялық стреске көп көңіл бөлінбеген, әрі кешенді талдау толық жасалмаған. 2. Теориялық бөлімде параграфтардың соңында берілген қорытындылар және негізгі терминдерді суреттеуде нақтылық жоқ. 3. Диссертацияның қорытыны бөлімінде соңғы нәтиже нақты берілмеген, мәселен зерттеу барысында бағдарлама, модель және әдстемелік ұсыныс беріле ме, міне осы жағдай айқын көрсетілмеген. 4. А.Гарбер, К.Решке жасаған тренинг бағдарламасын қолдандыңыз ба, осы жағдайды жұмыста көрсетіп кеткенде артық болмас еді. 5. Зерттеудің міндеттерін мысалы 1 және 2; 3 және 5; міндеттерді біріктіруге бола ма, олар мағынасы бойынша ұқсас, егер біріктірсе зерттеу құрылымы анығырақ болар еді. Алайда бұл ескертулер диссертациялық зерттеудің теориялық және практикалық маңызының, ғылыми жаңалықтарының, ғылыми тұжырымдардың мәнділігін кемітпейді. Сондықтан ұсынылған «Шетелде оқитын студенттердің стресс пен резильенттілігінің этнопсихологиялық аспектілері» тақырыбындағы диссертация толымды зерттелген, аяқталған ғылыми жұмыс.
12.	Докторант		Диссертациялық жұмыс бойынша жазылған

	мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалатын жағдайда ресми резензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		мақалалар мен ғылыми еңбектердің деңгейі айтарлықтай жоғары, халықаралық дәрежеде сыннан өтіп, мысалы Мәскеу, Прага елінде халықаралық конференцияларда баяндамалар жасалып, жарық көрген.
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)		1) философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру.

6D050300 – «Психология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Шетелде оқитын студенттердің стресс пен резильенттілігінің этнопсихологиялық аспектілері» тақырыбындағы диссертация жан- жақты зерттелген, аяқталған ғылыми жұмыс болғандықтан, Сандуғаш Ерубаевна Дуанаеваға философия докторы (PhD) дәрежесін беруге лайықты деп есептеймін.

Ресми рецензент:

Тұран университеті
«Жоғары мектеп психологиясы»
кафедрасының профессоры,
психология ғылымдарының докторы **Сангилбаев О.С.**

Қазақстан Республикасы Алматы қаласы "ТҰРАН" университеті
Республика Казахстан город Алматы университет "ТУРАН"
КЕҢСЕ

УНИВЕРСИТЕТТІҢ ҚҚБ
БӨЛІМІНІҢ БАСТЫҒЫ
«___» _____ ж.